

ҚАЗАҚША АЙ АТТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Біздің тарихымызда арабша ай аттары ертеден қолданылып келеді, қазақ елінің түкпір-түкпіріне танымал. Оған олардың кенінен таралған көптеген мақал-мәтелдер құрамында кездесуі, адам есіміне айналуы дәлел бола алады. Мәселен, хұт («Хұт — жақсы болса құт, жаман болса жұт»), хамал («Хамал бірден қыс, сәуір екіден қыс, зауза-саратан, сенен де қорқамын»), сүмбіле («Сүмбіледе су суиды, таразыда таң суиды»), қауыс («Қауыс қалған-құтқаныңды тауыс»), т.б. Зауза (бай), Ақырап секілді кісі есімдері, жер атаулары да тілімізде жиі қолданылады.

Қазіргі ай аттары ғана қолданылса, ғасырлап жиналған асыл мұраларымыздағы өзге ай аттары бірте-бірте жас буынға жат бола түсіп, ұмытылып қалады. Әсіресе, араб-парсы қабаты жойылып кетуі мүмкін. Мәселен, көптомды «Бес ғасыр жырайды» кітабында қаншама ай аттары бар: *әсет* (Махамбет ақын қолданған; XIX ғ. басы, Қазақстанның батыс өңірі); *саратан*, *қауыс* (Ақмолла, XIX ғ. соңы, Орынбор мен Солтүстік Қазақстан); *ақырап*, *қауыс* (Майлықожа, XIX ғ. соңы, Шымкент); *жседді* (Мұрат, XIX ғ. соңы, Үйшік); *хамал*, *зауза*, *саратан*, *сүмбіле*, *мизам* (Мұсақұл Байзақов, 1849–1932 жж., Шымкент), т.б. [1]. Енді бірнеше жылдан соң осы сөздердің бәрі көпшілікке

түсініксіз, мәнмағынадан жұрдай болған ұғымдарға айналатыны бізді ойлантады. Өйткені олар қазіргі ай атауларында қолданылмайды. 100-ден аса лексикалық бірлікті 12 айға қалай қолдануға болады. Мүмкін емес. Бірақ қалай болғанда да жадымызда берік сақтап қалуға тиіспіз.

Айта кетер бір жайт — қазіргі біз қабылдаған ай атауларының көпшілігі, біздіңше, ай аттары емес, амал не мезгіл аттары болса керек. Оған еш амалымыз жоқ. Бұрынғы күн райы, қазір ауа райы болып қабылданып кетті ғой. Сол сияқты бұл да қабылданып кетіп барады. Дегенмен осы тақырыппен айналысқандықтан оның анық-қанығын айта кетуге тиіспіз.

«Амал» деп жыл ішінде белгілі бір уақытта қайталап келіп отыратын ауа райының ерекше өзгерісін айтады (Осы мағынадағы «амал» сөзі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» кірмей қалған). Амалдар бірнеше күннен 1-2 жетіге дейін созылуы мүмкін: мысалы, «*текенің бұрқағы*», «*бес қонақ — бес ешкі*», «*наурыздың ақша қары*», «*құралай*», «*кіші қазан*», «*үлкен қазан*», «*қараша*», т.б. Сол секілді ауа райының ерекше мезгілдері февраль айында — ақпан, июльде — шілде, августте — тамыз деп білеміз. Мұндай мезгілдер әдетте отыз күннен аз, не көп те болуы мүмкін. Мысалы, «қырық күн шілде».

Енді осы қазақша ай аттарына байланысты қолданыстарға көңіл аударалық. «*Мен туыптын ақпандатқан боранда*» («Қазақ әндерінен»), «*Жыр басталды дауылды — ақпандатқан борандай*» (Ә. Тәжібаев), «*Еске алады қыстағы ақпандатқан әр айды*» (Б. Аманшин). Осы жолдарда *ақпан* сөзінің ай мағынасында емес, ауа райының ерекше мезгілі ретінде айтылғандығы даусыз.

Наурыз сөзінің ай аты емес, жыл басы, қазақтардың ғана емес, бүкіл мұсылман халықтарының мейрамының аты екенін барлығымыз да білеміз.

Мамыр сөзі ай аты мағынасында кең қолданылмалы сөз емес. «*Ендеше біліп алғын, бала, жаңаша май*», *ескіше «мамыр», шаруалар тілімен «сәуір», ал аңшылар тілімен айтсақ «құралай айы» дейді мұны*» (Е. Тұрысов). *Мамылжыған мамырдан май тамып тұр* (М. Мақатаев).

Маусым сөзі шөп шабу, пішен дайындау маусымына байланысты болса, *қыркүйектің қой-ешкінің шағылысу кезеңін білдіретінін кез келген адам (қазақ) біледі.*

«*Қазан соқты, келді күз*» (І. Жансүгіров), «*қазан соққан көк егіндей*» (Ө. Қанахин) деген жолдар қазанның амал екенін көрсетіп тұр.

Осы ай аттарына жан-жақты талдау жасаған І. Кеңесбаев өзінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» кітабында «желтоқсан әуелде қыстың үш айының да аты болуы ықтимал» деген пікір айтады [2].

1954 жылы Мәкеуде басылып шыққан «Орысша-қазақша сөздікте» (редакциясын басқарған проф. Н.Т.Сауранбаев), январь — қаңтар, дәлу; февраль — хұт, март — наурыз, хамал — сәуір, май — май, июнь — саратан, июль — әсет, шілде; август — сүмбіле, сентябрь — мизам, октябрь — ақырап, ноябрь — ноябрь, декабрь — ақпан деп қазақшаланыпты [3].

Жиналған материалдарға қарағанда бұрын қазақ арасында ай аттары үш түрлі: арабша, парсыша, қазақша аталған. Бірақ бұлардың бір де біреуі барлық жерде бірыңғай, дәл, таза не арабша, не қазақша, парсыша айтылмаған. Әрқайсысы әр жерде әртүрлі айтылған, бірімен-бірі аралас, қатар айтылған сияқты.

Мысалы, ай аттары арабша бір жерде былай аталған:

1) әшір, 2) сапар, 3) рәббіләуел, 4) рәббілақыр, 5) жұмаділәуел, 6) жұмаділақыр, 7) ережеп, 8) барат, 9) ораза, 10) айт айы, 11) арайы, 12) құрбан.

Ал, екінші жерде ай аттары арабша былай аталған: 1) мұххаррам, 2) сапар, 3) рәббіләуел, 4) рәббілақыр, 5) жұмаділәуел, 6) жұмаділақыр, 7)

ережеп, 8) шағбан, 9) рамазан, 10) шауал, 11) зұлқағда, 12) зұлхижжа.

Ай аттары парсыша көп жерде былай аталған: 1) дәлу, 2) хұт, 3) хамал, 4) сәуір, 5) зауза, 6) саратан, 7) асад, 8) сүмбіле, 9) мизан, 10) ақырап, 11) қауыс, 12) жадды.

Енді бірқатар жерлерде ай аттары парсыша, қазақша аралас, қатар айтылған және әр жерде әртүрлі айтылған. Мысалы, Әубәкір Диваевтың 1921—1922 жылдары бұрынғы Жетісу облысынан жинаған материалдары ішінде қазақша ай аттары мен жұлдыз аттары қатар айтылады деп, әр айдың атын және сол айда туатын жұлдыздың атын қатар көрсеткен, былай болады деген:

Жұлдыз аттары:	Ай аттары:
1. көкек	хамал
2. мамыр	сәуір
3. маусым	зауза
4. саршатамыз	саратан
5. шілде	асад
6. сүмбіле	сүмбіле

Құрбанғали Халидидің ««Тауарих хамса» деген кітабында да былай көрсетілген.

Ай аттары:	Жұлдыз аттары:
7. мизан	мизан
8. қазан	ақырап
9. қараша	қауыс
10. жыл тоқсан	жадды
11. қаңтар	дәлу
12. наурыз	хұт

Мұнда: 1) қазақша жұлдыз аттары деп парсыша ай аттарын айтып отыр; 2) қазақша ай аттары мен парсыша ай аттарын араластырып жіберген; 3) парсыша екі айдың (сүмбіле, мизан) атын әрі ай аты, әрі жұлдыз аты деп көрсеткен [4].

А. Левшиннің кітабында ай аттары қазақша былай болады деп көрсетілген: 1) көкек, 2) мамыр, 3) мамырай, 4) арайы, 5) шілде, 6) сүмбіле, 7) саршатамыз, 8) қараша қауыс, 9) жұт шашқан, 10) қаңтар, 11) қыстың айы, 12) бірдің айы деген [5]. Қазақша, парсыша, арабша ай аттары араластырылған, қабат айтылған.

Осыдан болу керек, Қазақ КСР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазба қорындағы бір материалда қазақша ай аттары 17 түрлі болады, олар былай болып келеді деген: 1) отамалы, 2) сәуір, 3) май, 4) жыл тоқсан, 5) шілде, 6) сарша, 7) тамыз, 8) сүмбіле, 9) жаз тоқсан, 10) қыркүйек, 11) қазан, 12) қараша, 13) күз тоқсан, 14) қауыс, 15) қаңтар, 16) ақпан, 17) қыс тоқсан.

Мұнан басқа шығыс-солтүстік Қазақстанның

кей жерлерінде қазақша ай аттары: 1) өз, 2) от жақпас, 3) көкек, 4) шілде, 5) сарша, 6) қыркүйек, 7) мизан, 8) қараша, 9) қазан, 10) қаңтар, 11) ақпан, 12) бірдің айы деп аталады екен де, кей жерлерінде:

1) көкек, 2) мамыр, 3) маусым, 4) шілде, 5) тамыз, 6) мизан, 7) қазан, 8) қараша, 9) жел тоқсан, 10) қаңтар, 11) ақпан, 12) бірдің айы деп аталады екен.

Осы сияқты, оңтүстік-шығыс Қазақстанның кей жерлері қазақша ай аттарын: 1) екі ағайынды, 2) наурыз, 3) көкек, 4) мамыр, 5) маусым, 6) шілде, 7) тамыз сарша, 8) қыркүйек-мизан, 9) қазан, 10) қараша, 11) желтоқсан, 12) қаңтар деп атайды екен де, кей жерлері тоғыстап айтады екен: 1) тоғыз тоғыс, 2) жеті тоғыс, 3) бес тоғыс, 4) үш тоғыс, 5) бір тоғыс, 6) сарша, 7) тамыз, 8) он тоғыз тоғыс, 9) он жеті тоғыс, 10) он бес тоғыс, 11) он үш тоғыс, 12) он бір тоғыс.

Арабша, парсыша, орысша ай аттарын араластырмай, таза қазақша ай аттары деген сөздерді тізсек, олар мыналар болады: 1) өз, 2) наурыз, 3) көкек, 4) мамыр, 5) от жақпас, 6) отамалы, 7) жыл тоқсан, 8) маусым, 9) шілде, 10) тамыз, 11) сарша, 12) жаз тоқсан, 13) қыркүйек, 14) қазан, 15) қараша, 16) қаңтар, 17) күз тоқсан, 18) ақпан, 19) бірдің айы, 20) екі ағайынды, 21) қыс тоқсан.

Біздің байқауымызша, бұлардың ішінде: 1) өз бен наурыз екеуі бір айдың аты, жыл басы болып келетін айдың — наурыз айының аты болуға, ол әуелде солай наурыз деп аталуға тиісті; 2) от жақпас, отамалы, мамыр, көкек деген сөздер бір айдың аты, мамыр айының аты болуға, әуелде солай мамыр деп аталуға тиісті; 3) қыркүйек, қазан деген сөздер бір айдың, қазан айының аты болуға, әуелде солай қазан деп аталуға тиісті.

Ал, жыл тоқсан, жаз тоқсан, күз тоқсан, қыс тоқсан деген сөздер ай аттары емес, тоқсан аттары: әрқайсысы әрбір үш ай тоқсанның аттары.

1954 жылғы «Орысша-қазақша сөздікте» профессор Н. Сауранбаев декабрьді — ақпан, январьды — қаңтар депті [3]. Қазақ күнтізбесін зерттеушілер арасынан П. А. Куфтин мен Ш. Уәлихановты ерекше атауға болады. Бұл мәселені Радлов та қарастырған. Олардың еңбектерінде ай атаулары да және айлардың орналасу реті де әртүрлі екені көзге түседі. Куфтинде отамалы деген ай аты тіпті жоқ [6], ал Шоқан ол атауды мартқа тақса [7], Радлов май айына әкелген [8]. Зерттеушілердің біріндегі ай атының екіншісінде болмауының өзі біздің ұланғайыр даланы мекен еткен халқымыздың ай аттарын әртүрлі атай бергендігін, күн райының амалына қарай айлардың қосымша атауларының болғандығын

көрсетеді. Қазақ есепшілері, әрине, бұл атаулардың бәрін де білген. Біздіңше, отамалы – наурыздан кейінгі екінші ай.

Сол сияқты қыркүйек айы да ғылыми зерттеулерде түрліше орын алып жүр. Куфтин оны сентябрь десе [6], В. Радлов октябрь айына балайды [8]. Біздіңше, Радловтың тұжырымы дұрыс. Себебі өзі қыркүйегі, яғни қырда күйек алу туралы болса, онда сентябрьде күйек алған мал марттың басында төлдей бастайды. Мартта туған қозыны қазақ «арамза» дейді. Мал баққан қазақ дайын қорасы жоқ заманда мартта малын төлдетпеген. Ендеше қыркүйек айын октябрьге балағанымыз жөн. Қыр елі октябрь айының аяғында қошқарға байлаған күйекті алып тастайды. Ұғым осыдан шыққан.

Біздіңше, қазақ күнтізбегіндегі ай атауларының реті төмендегідей болса керек.

1. Наурыз (март) — Жаңа жыл. Көне түркілік аты ұмытылған болар. Парсыша «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Шындығында, наурыз айдың аты емес, жыл басы мейрамының атауы. Қазақтар наурыз мерекесін тойлау дәстүрімен ай атына айналдырып жіберген.

2. Отамалы (апрель) — көкті әлі суық жібермей тұрған шақ. Қарасуықтың кезі. Тырбиған көкке мал аузы жаңа іліге бастаған осы мезгілді «қараөзек» деп те атайды.

3. Көкек (май) — көкек шақырған, көк молайған тұс. Бұл айды кейде «мамыр» деп те атаған. Жер беті бәйшешекке бөленіп, мамырлаған кез.

4. Шілде (июнь) — ыстық аса көтерілген уақыт. Шілдеде Үркер көрінбейді. Парсы тілінде (шіллә) қырық деген мағынаны білдіреді. Жазғы қырық күн шілденің негізгі күндері осы айда өтетіндіктен, «шілде айы» деп атап кеткен.

5. Сарша — маусым (июль) — бұл айда жазыл желекті өңір құбақан тарта бастайды. Айдың соңына таман егін саржағал тартады. «Сарша – шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнайтын ыстық аптап» [9, 187]. «Сарша – бұл ежелгі түркі сөзі, арғы тегі «сары шақ», жер қуарып, шөптің сарғаятын уақыты» [10, 248]. Ғылыми әдебиеттерде саршатамыз деп август айын айтады. Ал халық күнтізбесінде июль, август айларын сарша деп те, тамыз деп те атай береді. Күн санының ауысуы болмаса, негізінен – ай 20 июльден басталады.

6. Тамыз (август) — далада жидек, тауда қарақат пісіп, тамылжыған шақ. Апшыны қуырған ыстықтың беті қайтып, адам өгіп бара жатқан жазды қимай, тыраулай ұшқан тырналар көшіне елегізі қарайтын шақ. 19 август пен 17 сентябрь аралы-

ғындағы 30 күндік ай аты, сентябрь айы. Халық күнтізбесінде осы уақыт аралығын тамыз, мизам дейді. Мизам зодиак шокжұлдыздарының ішінде біреуінің атауы. Қазақша баламасы тұрғанда Мизам деп алудың қажеті жоқ секілді. М.Исқақов тамыз атының сөз төркінін біздің заманымыздан бұрынғы 18 ғасырда вавилон абыздары жасаған күнтізбеден табады (таммузу). Алайда, Вавилонша 12 ай аттарының біреуінің ғана (таммузудың), көне еврей тіліндегі сөздің, тек түркі тілдес халықтар күнтізбесінде ғана сақталғандығы көңілге күдік ұялатады.

«Тамыз – далада жидек, тауда қарақат пісіп, тамылжыған шақ. Апшыны қуырған ыстықтың бегі қайта, адам өтіп бара жатқан жазды қимай, тыраулау ұшқан тырналар көшіне елегізі қарайтын шақ» (Қ. Жүнісов).

«Тамыз» сөзінің негізгі мағынасы «сұйық затты тамшылатып ағызу» [9, 579].

7. Қазан (сентябрь) — шаруаның егінін орып, қыстың, қара қазанның қамын ойлайтын шақ. Күзекке жақындай түсіп, қыстақты бағдарлап, жөңдей бастаған мезгіл. Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Қ.Халид, М.Әуезов, С.Мұқанов және басқалар сентябрь айын қазан деп көрсетеді. «**Қазан** (сентябрь) – жиын-терім уақыты, қарбалас науқан. Егіншілер жаз бойғы маңдай терлерінің зейнетін қадақтап өлшей бастайды... яғни бұл ай бар ырыстың қасбаға құятын – ақсабан айы. [11]. Қазақ жұлдызшы-есепшілерінің айтуынша **қазанның қара дауылы** – 28 сентябрь мен 2 октябрь аралығында, **бозқырау** (алғашқы үсік) – 3 октябрь мен 5 октябрь аралығында өтеді. Ал атақты **Ақырап айының тууы** мен **Боқырау** амалы – 14 октябрь күні. Бұлардың бәрі біздің қазан айын 18 сентябрь мен 17 октябрь аралығында 30 күн деп межелегеніміздің дұрыстығын көрсетеді.

8. Қыркүйек (октябрь) — осы күнгі октябрьге келеді. Қошқардың күйегі алынып, аналық қойға қосылады. Кейде осы айдың мезгілін «бозқырау», «боқырау», деп атайды. Бұл сірә алғашқы қыраудың түсуіне байланысты айтылса керек.

9. Қараша (ноябрь) — атының өзі айтып тұрғандай, жер әлі қараша, яғни тұна басқан аппақ қар жоқ. «Қарашадан қар қалса, жұт болады» деген. «Қараша — қауыс, кәрі-құртанды тауыс»,—дейді. Ол қысқа салар малынды ретте, қысқа шыдамаса, сойып ал дегені. Бұл айды «желтоқсан» деп те атай-

ды.

10. Ақпан (декабрь) — қарашаның қара жері көрінбейді, аппақ ұлпа басқан. Қыстың қысқа күнін ел «ат адымындай» ғана деген. «Ақпанда ат адымындай» деген сөздің мәнісі осы.

11. Қаңтар (январь) — бұл қазіргі январьға келеді. Қар әбден бекіп, ұсақ мал қаңтарылып (өз бетімен жайыла алмай), қолға қараған шақ. Қаңтарда күн «қарға адым ұзарады» дейді, яғни ақпандағы ат адымындай күнге қарға адымындай уақыт қосылды.

12. Ұт (февраль) — оның басқаша аты сақталмаған. Халық арасында ұт сөзінің түп мәнін осы күнгі көпшілік біле бермейді. Сондықтан біздің ай атауларын жасаушыларымыз жұртшылық сұрауынан қашып, көне сөз, көне ай атын еске алғысы келмейтін сияқты. Бұл айда терезеден түскен сәуле ерекше бір ақшыл реңге боялады да, сол тап-таза үйдің өзінде ұп-ұсақ зәредей тозаң жүреді. Міне, осы көріністі қазақ «ұт» деп атаған. «Ұт — малыңды күт», «Ұт келді — жұт келді» деген мақал сөздердің мәні зор.

Демек, халық танымындағы күнтізбе жүйесінде ай аттарының қабат қолданылуынан (орысша, парсыша, арабша) қазақша ай аттарын ажыратып, қолданысқа енгізуде қиындықтар келтіріп отыр.

ӘДЕБИЕТ

1. Бес ғасыр жырлайды. Алматы.
2. *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977
3. Орысша-қазақша сөздік. М., 1954.
4. *Құрбанғали Халиди.* Тауарих хамса.
5. *Левшин А.* Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казахских степей. М., 1832.
6. *Куфтин Б.А.* Календарь и первобытная астрономия киргиз-казахского народа // Этнографическое обозрение. М., 1916. № 3-4.
7. *Валиханов Ч.* Собрание сочинений в пяти томах. Алматы, 1972.
8. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. М., 1964.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы. 8-т.
10. *Исқақов М.* Халық календары. Алматы, 1980.
11. *Садықов Қ.* Мен білетін ай аттары // Қазақ әдебиеті. 1991. 1 наурыз.